

Мусаева Н.Н., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, ДФ – 41 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші — п.ғ.м., аға оқытушы Рымханова А.Р.*)

КАНИСТЕРАПИЯ ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАР ҮШІН МАҢЫЗЫ

Қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде «анимал терапия», яғни хайуанаттар көмегімен жүргізілетін терапия әдістерінің пайдасы дәлелденіп, психология және түзету педагогикасы (дефектология) салаларында қолданылуда. Бұл әртүрлі хайуанаттардың және олардың бейнелерін пайдалану арқылы психофизиологиялық, психотерапевтік және бейімдеу көмегін көрсететін терапия түрі.

Бұл мақсатта пайдалануға ең қолайлы жануарлардың бірі - иттер. Иттердің көмегімен жүргізілетін терапия – канистерапия деп аталады.

«Канистерапия» сөзі латын тіліндегі «kanister» сөзі – ит, «therapy» - ем дегенді білдіреді.

Психолог мамандар адам мен иттің қарым-қатынасына ерекше мән беріп, түбегейлі зерттеулер жүргізе бастады. Бақылаулар көрсеткендей, иттердің адамдарға етер әсері үнемі оң болатын болған, иттер адамдардың жан дүниесінің тыныштық күйін сақтайды, ашу-ыза мен үрей, истерия, жабығу тәрізді жүйке жүйесіне зиянды әртүрлі күйлердің жоғалуына көмектеседі. Тіпті адамда басталып келе жатқан қандай да бір науқасты анықтауда да иттің көмегіне жүгінуге болады екен.

Канис-терапияның пайда болуы, 1961 жылы американдық психолог Левинсонның алғаш рет өз пациенттерін емдеуде ірі тұқымды иттерді пайдалануынан басталады. Психолог маман адамдардың иттермен қарым-қатынас жасауға анағұрлым құлықты екендігін және оның нәтижесін байқайды да өз практикасында қолдана бастайды. Содан бері әлемде бұл терапия түрі танымал бола бастайды[1].

Қазіргі кезде ғалымдар иттің көмегін әртүрлі мақсаттарда қолдануды ұсынады. Мысалы, адамның көңіл күйін қалпына келтіруде итпен қарым-қатынас оң және жағымды әсер етеді. Психологиялық дағдарыс күйіне ұшыраған адам итпен сөйлесу арқылы өзінің жалғыздығын, сәтсіздіктерін ұмытады. Иттер - тамаша тыңдаушылар, ешқашан жалықпайды, дауласпайды. Өзінің адалдығымен иесінің өзі үшін қандай қымбат екендігін көрсете алады. Сөйтіп стресс күйіне өзінше әсер етеді.

Әлеуметтену үдерісінде хайуанаттар адамдарды бір-бірімен қарым-қатынас жасауға итермелейді. Кейде жануарлар адамдардың әңгімесінің ортақ тақырыбына айналып, адамдарды тілдік қарым-қатынасын дамыта түседі. Себебі, мүлдем бөтен адамдар осы хайуанаттар туралы сөйлесе келе, бір-біріне жақындай түседі, ортақ мүдделі, ортақ қызығушылықтары бар адамдар үшін қарым-қатынас жасау анағұрлым қызықты екені мәлім.

Ит адамның жалғыздығын ұмытуға көмектеседі, қожайынының өзін өзі бағалауын жоғарылатады. Ал иттің сілекейінде ауру тудыратын микроорганизмдерді жоятын лизоцим ферменті бар. Иттің жүнін де адамдар емдік мақсатта пайдаланады. Иттер адамдардың ынта-түрткісіне де әсер ете алады. Иті немесе өзге де үй хайуанаты бар адамдар көшеде немесе паркте серуендеуді әдетке айналдырады. Қазіргі кезде адамдардың парк аллеяларында серуендеу денсаулыққа пайдалы екенін біле тұра, уақыттары мен тілектері бола бермейді. Итпен серуендеу – күнделікті өмірде қозғалысы аз адамдарға және гиподинамияға қарсы тамаша ем, жүрек-қан тамыр ауруларының мүмкіндігін азайтады.

Гипербелсенділік жағдайында зейінді тұрақтандырудың әдісі ретінде де осы әдісті атауға болады. Замануи мектептерде «гипербелсенділік және зейін тапшылығы синдромы» (Синдром гиперактивности и дефицита внимания (СДВГ) немесе Attention deficit hyperactivity disorder (ADHD)) елеулі проблемалардың қатарынан орын алады. Иттер оқушыны тыныштық күйіне үйретеді, әрі зейінін шоғырландыруға жетелейді. Әлемдік медицинада иттің энергиясымен емдеп, есте сақтауды дамыту дәлелденген[1].

Арнайы педагогикада Даун синдромы, балалардың церебральды сал науқасы (Детский церебральный паралич) тәрізді күйлерге шалдыққан балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарында кеңінен пайланыла бастады. Төрт аяқты достарының қасында балалар анағұрлым жайбарақат, өздерін еркін сезінеді. Иттер балалардың ұзаққа созылған торығудан және психикалық даму проблемасынан құтылуына көмектеседі. Мысалы аутизмі бар немесе церебральды сал ауруына шалдыққан балалар өздерінің өзгеше әлемінде өмір сүретін ерекше балалар. Олар тек иттерге ғана ашылады. Иттер бала мен оны қоршаған әлемнің арасын жалғаушы дәнекер сияқты [1].

Қазір канистерапия – дамуында ерекшеліктері бар балалардың күйін жақсартатын әсер беретін реабилитациялық қосымша әдістердің бірі ретінде қарастырылады. Әрине, бұл әдістің тиімділігін арттыру үшін өзге де медициналық, психологиялық әдістерді қатар қолданған жөн.

Канистерапия әдісін қолдану нәтижелері Қазақстанның да бірнеше аймақтарында байқалып отырғандығы мәлім. Соның ішінде Қарағанды қаласында канистерапия орталықтарында даму мүмкіндігі шектелген балалардың емделуіне септігі тиюде.

Қарағанды қаласында алғаш рет бұл әдісті пайдалану тәжірибесі 2008 жылы пайда болады. «Лапа помощи» деп аталатын қоғамдық бірлестіктің координаторы Е.Классеннің жетекшілігімен қазіргі күні мұнда бес емдеуші ит және психиатр, логопед тәрізді амандар жиырмадан астам тұрақты пациенттермен түзету жұмыстарын жүргізеді. 7 жылдан бері бірлестік «Канис-терапия мүмкіндігі шектеулі балалар үшін» атты бағдарлама құрып оны енгізумен айналысуда. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – даму мүмкіндігі шектеулі балаларды хайуанаттармен қарым-қатынас жасау арқылы қоғамға интеграциялау, олардың мінез-құлқы мен көңіл күйінде оң өзгерістер туғызу. Яғни арнайы үйретілген иттердің көмегімен мүмкіндігі шектеулі балаларға реабилитациялық қолдау көрсету.

Бірлестік мамандарының айтуынша, кез келген ит емдеуші бола алмайды. Ең алдымен, ит балаларды жақсы көруі, көмектесуге әзір болуы тиіс. Түзету жұмысын бастамас бұрын әрбір ит агрессия сезімінің бар-жоғына тест тапсырады. Баланың аты бала, итті құйрығынан тартуы немесе үркітіп жіберуі, ойыншықпен ұрып қалуы әбден мүмкін. Міне осындай жағдайлар кездесе қалғанда, ит баланы тістеп алмауы керек. Сондай-ақ, лабрадор және хаски тұқымды иттер де балаға агрессия сезімдері жоқ тұқым деп танылып, терапияға үйретілу қолға алынған.

Тағы бір есерерлік жай, балалардың науқастарының диагноздары. «Емдеуші» иттің тұқымдарын баланың денсаулық күйіне сәйкес таңдайды. Мысалы, бала нашар қозғалатын, арқасын тіктеп ұстай алмайтын болса, ньюфаундленд тұқымы қолайлы. Олардың дене тұрқы ірі, жүні қалың, жұмсақ, оған сүйеніп отыруға да, жатуға да болады. Ньюфаундленд тұқымды иттер Қарағанды қаласында балалардың церебральды салына шалдыққан бірнеше баланы аяғынан тұрғызуға көмектесті. Бұл иттердің генетикалық негізінде адамдарға көмектесу белгісі бар, әрі бұл иттер психологиялық жағынан ең мықты, сабырлы иттерге жатады.

Нашар көретін кішкентай балаларға өз бойына шамалас кішкентай иттер қолайлы, ол баланы ертіп жүре алады. Аутизм, Даун синдромы бар балаларға өзін жақсы тыңдайтын тілалғыш иттер көмектесе алады.

Иттермен жүргізілетін сабақтардың негізгінен ойын формасында өтеді. Балалар иттермен еркін ойнайды, еркін қарым-қатынасқа үйренеді, қуанып шаттанады, эмоциональдық даму жүзеге асады. Ата-аналар да балаларды иттермен бірге қалдыруға қорықпайды. Дәрігер мамандардың айтуынша, балалар иттермен ойнағаннан кейін анағұрлым тыныш, жайбарақат күйге түседі, моторикасы мен қимыл-қозғалыс координациялары да жақсара түседі.

Канистерапияны бастаған кезде сәбиді бірден иттің қасына жібере салмайды. Алдымен оны иттен 2-3 метр қашықтықта ұстап үйретеді. Қаншалықты жақындап барғысы келетінін бала өзі біледі. Оған иттер туралы, бұл иттің қандай мейірімді, керемет екенін әңгімелейміз. Аяқтарын, құйрығын, құлақтары мен мұрнын көрсетеміз. Иттер бұған түсіністікпен қарайды,

бүкіл процедура кезінде сәбімен байланысқа түсуге тырысады, өзінің ықыласын еппен білдіреді. Олар өте ақылды, балалардың адал досы. Жаттығу түрі кәдімгі ойын секілді. Балалар итті өздері жетелеп жүріп, онымен адам секілді әңгімелеседі. Терапияның ең маңызды сәті сәбидің итпен еркін байланысқа түсуіне толықтай дайын болатын кезі. Осындай қызықты жаттығулар сәбилердің өздігінен жүріп-тұруына, тілі шықпағандардың сөйлеуге деген қабілетін күшейтеді[2].

Қарағанды қаласында өткізіліп жүрген канистерапия шаралары негізінен аутистік бұзылыстары бар балаларға, БЦП, Даун синдромы бар балаларға және психикалық дамуы тежелген балаларға арналған. Түзету сабақтары шағын топтарда және жеке түрде өткізіледі. Сабақты педиатр дәрігерлер өткізеді, ал волонтерлер көмектеседі. Сабақтар барлығы 20 сағатқа жоспарланады. Олардың алғашқысы танысу сабағына арналады. Балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес сабақ түрлері де әртүрлі. Мысалы, аутисті бар балаға бірден итті көрсетпейді, бұл тек 4 сабақта ғана мүмкін болады. Аутисті бар балалардың ата-аналарының байқауы бойынша, бұрын мүлдем сөйлемейтін бала 5-6 сабақтан кейін тілдік қарым-қатынас жасауға үйренген. Екінші бір баланың ұйқысы қалыпты ноомаға келген, бұрын 2 сағаттан артық ұйықтамай, ояна беретін баланың түнгі ұйқысы да, күндізгі ұйқысы да түзелген.

Орталық мамандарының айтуынша, орындалып жатқан жоба аясында болашақта қалалық зияты зақымданған балаларға арналған мектеп интернатының балаларымен де осы әдісті қолдану тәжірибесі басталмақшы [3].

Қарағанды қаласындағы осындай игі істермен айналысатын орталықтардың бірі «Логос» сауықтыру-психологиялық орталығы. Бұл орталықтың мамандары ересектер мен балаларға әртүрлі стресс жағдаяттарында, отбасылық қиын мәселелерді шешуде қолдау көрсетеді. Оның ішінде орталық мамандары канистерапияны қолдану келесі жағдайларда оң өзгерістер мен жақсы нәтижелер беретіндігін айтады (1-сурет).



1-сурет. Канистерапияны қолдануға болатын науқастар

Қаладағы орталықтар, өкінішке орай, ешқандай қаржысыз, тек қайырымды адамдардың көмегі негізінде өмір сүріп жатыр. Бұл негізінен, балалары әртүрлі даму кемістіктеріне ұшыраған ата-аналар.

Сонымен қатар, көмек қолын созғандардың бірі биіктіктен құлап жүру қабілетін жоғалтқан студент Нияз Сүндеталиев. Ол өзіне операция жасауға жиналған қайырымдылық қордағы қаражаттың бір бөлігін Аружан Саинның «Ерікті қоғамдық қайырымдылық қорын», енді бір бөлігін жоғарыда атып өткен Қарағандылық «Канис – терапия» орталығына аударды[4]. Бұл Нияздың мүмкіндігі шектеулі балалардың жағдайын жете түсінгендігінің, әрі оларға көмектесуге деген шын ниетінің көрінісі. Бұл **біреуге жақсылық жасауға, қолұшын беруге, қайғысымен бөлісуге дайын, үлкен жүректі адамның қасиеті.**

Мүмкіндігі шектеулі балалардың өз мүмкіндіктеріне сәйкес олар сау балаларға қарағанда жігерлі, қайратты болуына тура келеді, толып жатқан қиындықтарға кездеседі.

Арнайы терапиялардың міндеті олардың өмірге бейімделу қабілеттерін барынша дамыту, кемістіктерін барынша жеңілдеті.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде, қаладағы әртүрлі категориядағы мүмкіндігі шектелген балаларға арналған арнайы білім беру мекемелерінің оқыту-тәрбиелеу және түзету-дамыту үдерістерінде канистерапия мүмкіндіктерін пайдалану қажеттігі туралы айтуға болады.

Қазір арнайы мектептерде әртүрлі заманауи түзету-оқыту технологиялары қолданылатындығ белгілі. Егер қалада арнайы канистерапия орталықтары мен емдеуші иттер болатын болса, олармен қызметтестік орнатып, ортақ істер бастау әбден мүмкін жағдай. Арттерапия түрлері – музыкатерапия, хромотерапия, қуыршақ терапиясы, ертегі терапиясы, құм терапиясы тәрізді түзету әдістерімен қатар канистерапияны қолдану да оң нәтижелер беруі ықтимал. Әрі балалар үшін тірі жануарлармен қарым-қатынас анағұрлым қызығырақ, себебі, балалардың барлығы дерлік жан-жануарларды жақсы көреді. Бұл жердегі мақсат – қайткенде де баланың дамуына оң ықпал жасау. Тіпті балаға бір сәттік жақсы әсер сыйлаудың өзі - үлкен іс.

Әдебиеттер:

1. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
2. http://m.ekaraganda.kz/?mod=news_read&id=38603
3. <http://yvision.kz/post/690385>
4. <http://azh.kz/ru/news/view/34689>

Омирзакова М.Е., академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, шет тілдер факультеті, Каус-31 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.м., аға оқытушы Сейлханова А.Е.*)

«ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» САЯСАТЫН ДАМУ АЯСЫНДА ЖЕЛІ ҚАУЫМДАСТЫҚ ЖОБАЛАУ ПЛАТФОРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақсан» атты Жолдауында ұсынылған «үш тұғырлы тіл» мәдени жобасын іске асыру мақсатында мемлекеттік деңгейінде көптеген іс-шаралар атқарылды. Мәселен, еліміздің мектептері заманауи ақпараттық-коммуникативтік құрал-жабдықтармен жабдықталып, білім алуға қолайлы орта қалыптастырылды десек артық емес[2]. Сонымен қатар, оқушылар сабақ барысында да ғаламтор көздері арқылы шетел тілін жетілдіруге жағдай жасалды. Демек, ғаламтордың мүмкіндігі ағылшын тілі пәні мұғалімінің жұмысын жеңілдетіп, ағылшын тілі сабағында тілдік орта қалыптастыруға, оқушылардың функционалды сауаттылықтарын арттырып, мәдениетаралық қарым-қатынас құзыреттіліктер мен дүниетанымдарын байытуға жол ашады. Facebook, Twitter сияқты әлеуметтік сайттар мен арнайы ғаламтор ресурстар арқылы тілдік орта құрып, оқушылар әлемнің кез келген нүктесінде орналасқан ақпаратты пайдаланады. Мысалы, ғаламторға қосылған әрбір қолданушы АҚШ Конгресі кітапханасының кез келген оқулықтар тізімін тауып, қажетті ақпаратты монитор бетіне шығарып, мақала, репортаж іздеуге, шет тіліндегі әртүрлі журналдар және т.б. ақпарат көздерінен қажетті мәлімет алуға мүмкіндігі бар. Ғаламтор бағдарламалары арқылы қазақстандық оқушылар мен шетелдік оқу орындары оқушыларының арасындағы бірлескен жоба болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, оқушылардың сыныптағы қабырғалары кеңейіп, кез келген мемлекет оқушыларымен қарым-қатынас орнатуға, оқу орындары жөнінде мағлұмат алуға мүмкіндік беретін ашық әлемге шыға алады. Сонымен қатар оқушылар шынайы жағдайда мәдениетаралық қарым-қатынасқа түседі. Желі қауымдастық қарым-қатынас арқылы оқушылардың сауаттылығы, сөйлеу білігі дамиды, оқуға деген қызығушылығы артады және соның нәтижесі ретінде оқу үлгерімі де біршама жақсы көрсеткіштерді көрсетеді. Желі қауымдастығы арқылы өткізілетін жобалар оқытылып жатқан тілдің мәдени